

"Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің капитал қозгалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 616 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

«Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің капитал қозгалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің капитал қозгалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісімді ратификациялау туралы

2009 жылғы 11 желтоқсанда Санкт-Петербургте жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің капитал қозгалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің капитал қозгалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттары туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің үкіметтері және орталық (ұлттық) банктері, 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің өзара сауда және инвестициялық ынтымақтастығын нығайтуға, сондай-ақ ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға мүдделелік білдіре отырып,

ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің шекаралары арқылы капиталдың еркін қозғалысы ЕурАЗЭҚ шенберінде қаржы және еңбек ресурстарын тиімді бөлудің негізгі шарттарының бірі болып табылатынын, сондай-ақ ЕурАЗЭҚ-қа мүше әрбір жеке мемлекеттің экономикалық өсу және даму қарқындарын арттыруды қамтамасыз ететін тани отырып,

ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттер валюталарының сыртқы сауда және инвестициялық операциялардағы рөлін арттыру және көрсетілген валюталардың өзара айырбасталуын қамтамасыз ету мақсатында ЕурАЗЭҚ шенберінде ортақ валюталық кеңістік құру бағытындағы бірлескен іс қимылдардың маңыздылығын тани отырып,

ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттерге нұқсан келтірмейтін өзара тиімді ынтымақтастық үшін капитал қозғалысына валюталық шектеулерді алып тастауға ЕурАЗЭҚ-қа мүше әрбір мемлекеттің өзіндік ахуалы ескерілетін кешенді және теңгерімді тәсіл қажет екенін тани отырып,

ЕурАЗЭҚ-қа мүше әрбір мемлекеттің экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, тең құқықтық және өзара пайда қағидаттарына сүйене отырып, төмендегілер туралы келісті:

I бөлім. Жалпы ережелер

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады: «валюталық заңнама» - валюталық реттеу және валюталық бақылауды қағидаттары мен нормаларын белгілейтін ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілері;

«үшінші елдер» - ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекет болып табылмайтын елдер;

«ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің резиденті» - осы мемлекеттің валюталық заңнамасына сәйкес ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірінің резиденті;

«ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің резиденті емес» - үшінші елдің резиденті;

«валюталық шектеулер» - оларға тікелей тыйым салудан, олардың көлемдерін, санын және жүргізілу мерзімдерін, төлем валютасын лимиттеуден көрінетін капитал

қозғалысына байланысты валюталық операцияларға заңнамада белгіленген шектеулер, сондай-ақ оларды жүргізу үшін арнайы рұқсаттар (лицензиялар) алу талаптарын белгілеу, жүргізілетін операция сомасының бір бөлігін немесе барлығын резервтеуді талап ету, сондай-ақ ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында шоттар ашуға және жүргізуге байланысты шектеулер;

«ырықтандыру шаралары» — нәтижесі ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасындағы капитал қозғалысына байланысты валюталық операцияларға қатысты, сондай-ақ ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденті еместердің осындай валюталық операцияларына қатысты валюталық шектеулерді әлсірету және күшін жою болып табылатын шаралар.

2-бап

Осы Келісім Тараптардың капитал қозғалысына байланысты операцияларды (бұдан әрі - валюталық операциялар) реттеу және бақылау жөнінде жүргізетін валюталық операцияларына қатысты шектеулерді біртінде жоюға бағытталған валюталық саясаттың негізін құрайтын қағидаттарды, сондай-ақ оларға қатысты валюталық шектеулер қолданылмайтын ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасындағы валюталық операциялардың тізбесін айқындайды. Осы Келісімнің ережелері қаржы және салық-бюджеттік саласының мемлекетішлік заңнамамен реттелетін қарым-қатынастарын қозғамайды.

II бөлім. Капитал қозғалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясаттың негізін құрайтын қағидаттары

3-бап

Тараптар ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасындағы валюталық операцияларға қатысты, сондай-ақ ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденті еместердің валюталық операцияларына қатысты тиімді экономикалық коопeraçãoяға кедергі жасайтын валюталық шектеулер, біртінде жоюды қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптар кез келген валюталық шектеулерді, сондай-ақ өз мемлекеттерінің заңнамасына валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде шектеулер қоюы мүмкін кез келген өзгерісті енгізууді болдырмау шараларын қабылдайды.

5-бап

Осы Келісімнің 9-бабында көзделген ырықтандыру шаралары ЕурАзЭҚ-қа мүше барлық мемлекеттердің резиденттеріне қатысты кемсітушіліксіз бірдей негізде жүзеге асырылады.

6-бап

Тараптардың әрқайсысы ЕурАзЭҚ-қа мүше жеке мемлекетке не үшінші елдерге қатысты осы Келісімнің басқа Тараптарына ырықтандыру шараларын қолдану міндеттемелерінсіз осы Келісімнің 9-бабында көзделмеген ырықтандыру шараларын қолдануға құқылы.

7-бап

Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденті еместермен жүргізетін операцияларына және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер резиденттерінің үшінші елдердің аумақтарында шоттар ашуына қатысты валюталық саясаттың бірыңғай тәсілдері мен бағыттарын әзірлеу жөнінде шаралар қабылдайды.

8-бап

Осы Келісімде айқындалған міндеттемелер Тараптардың валюталық операцияларды жүзеге асыру заңдылығын бақылау (операциялар жүргізуудің негізі болып табылатын тиісті құжаттарды ұсыну жөніндегі талаптарды қоса алғанда), сондай-ақ мемлекетішілік заңнаманы сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған өзге де шараларды іске асыру жөніндегі мүмкіндіктері мен өкілеттіктерін шектемейді.

III бөлім. Валюталық операциялар және валюталық шектеулер қолданылмайтын шоттар ашуға байланысты операциялар

9-бап

Тараптар валюталық заңнамада көзделген валюталық шектеулер қолданылмайтын ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасында жүзеге асырылатын валюталық операциялардың және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер резиденттерінің өз аумақтарында шоттар ашуына байланысты операциялардың мынадай тізбесін айқындаиды :

1) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді), зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды жеткізушилер (сатушылар) мен алушылар (сатып алушылар) арасында тікелей жүзеге асырылатын мерзімі бір жылға дейінгі экспорт бойынша

төлемді кейінге қалдыруға немесе мерзімі бір жылға дейінгі импорт бойынша алдын ала ақы төлеуге (аванстық төлемге) байланысты есеп айырысулар мен аударымдар;

2) әуе және теңіз кемелері, ішкі жүзу және аралас (өзен-теңіз) жүзу кемелері, сондай-ақ ғарыш объектілері операциялары бойынша есеп айырысуларды қоспағанда, жылжымайтын мүлікке жатқызылған мүлік операциялары бойынша есеп айырысулар;

3) занды тұлғаның жарғылық капиталындағы акцияларды, үлестерді, салымдарды (пайларды) сатып алуға байланысты есеп айырысулар мен аударымдар;

4) ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің үйымдасқан нарықтары (биржалары) арқылы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға байланысты есеп айырысулар мен аударымдар;

5) занды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін өз есебінен ұстауға байланысты шығыстарды қаржыландыру мақсаттары үшін шоттар ашуы;

6) жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке байланысты емес телемдерді жүзеге асыру мақсаттары үшін шоттар ашуы.

10-бап

Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап 90 күн өткеннен кейін ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасында жүзеге асырылатын мынадай в а л ю т а л ы қ

о п е р а ц и я л а р :

1) ақшалай нысанда кредиттер (қарыздар) тартуға және беруге байланысты т е л е м д е р ;

2) ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің үйымдасқан нарықтары (биржалары) арқылы ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің коммерциялық резидент-үйымдарының облигацияларын және өзге де бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) сатып алуға байланысты есеп айырысулар мен аударымдар бойынша шектеулердің күшін жоюға міндеттенеді.

11-бап

Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптардың хабарламасы бойынша ерекше жағдайларда осы Келісімнің 9 және 10-баптарында көрсетілген валюталық операцияларға бір жылдан аспайтын мерзімге валюталық шектеулер белгілеуге құқылы

А й р ы қ ш а ж а ғ д а й л а р ғ а :

а) ырықтандыру шараларын жүзеге асыру кезінде экономикалық және қаржылық ахуалдың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін мән-жайлардың туындауы;

б) салдарынан алтын-валюта резервтері рұқсат етілетін деңгейден төмендеуі мүмкін төлем балансындағы ахуалдың теріс дамуы;

в) ырықтандыру шараларын жүзеге асыру өз мемлекеттерінің қауіпсіздік

мұдделеріне нұқсан келтіруі және қоғамдық тәртіпті ұстап тұруға кедергі жасауы
мүмкін мән-жайлардың туындауы;

г) өз мемлекетінің валюта бағамының күрт ауытқулары жатады. Тараптың бірі валюталық шектеулерді енгізу туралы хабарламаларды басқа Тараптарға осындай шектеулер күшіне енгізілгенге дейін 30 күннен кешіктірмей жібереді.

IV бөлім. Қорытынды ережелер

12-бап

Осы Келісімді іске асыру бойынша Тараптардың іс-қимылдарын үйлестіру Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесіне жүктеледі.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесі өз отырыстарында осы Келісімге сәйкес Тараптардың алған міндеттемелерін орындаудын, сондай-ақ, егер осындай орын алса, оларды орындауда себептері қарастырады.

13-бап

Осы Келісім ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттер қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

14-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және орындауға байланысты даулар мұдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері жолымен шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау ЕурАЗЭҚ Сотының қарауына беріледі.

15-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

16-бап

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий болып табылатын ЕурАЗЭҚ Интеграциялық Комитеті алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнен өзінің шығу ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере

отырып, кез келген Тарап одан шыға алады.

Осы Келісімнің қолданылуы одан шығуға ниет білдірген Тарап үшін депозитарийдің жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

17-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін ол ЕурАЗЭҚ-қа мүше болып қабылданған кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашиқ. Осы Келісімге қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылған мемлекеттерге қатысты осы Келісім олардан қосылу туралы құжатты депозитарийдің алған күнінен бастап күшіне енеді.

Санкт-Петербург қаласында 2009 жылғы 11 желтоқсанда орыс тілінде бір төлнұска данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұска данасы әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін депозитарийде сақталады.

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Ұлттық банкі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Ұлттық банкі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Ұлттық банкі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Орталық банкі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Ұлттық банкі үшін

Осы мәтін 2009 жылғы 11 желтоқсанда:

Беларусь Республикасының атынан - Беларусь Республикасының Премьер-министрі С.С.Сидорский және Беларусь Республикасы Ұлттық банкінің Төрағасы П.П.Прокопович;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ.Мәсімов және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченко;

Қырғыз Республикасы Үкіметінің атынан - Қырғыз Республикасының Премьер-министрі Д.Т.Усенов және Қырғыз Республикасы Ұлттық банкінің Басқарма мүшесі С.К.Алymbаева;

Ресей Федерациясы Үкіметінің атынан — Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы В.В.Путин және Ресей Федерациясы Орталық банкінің төрағасы С.М.Игнатьев;

Тәжікстан Республикасы Үкіметінің атынан - Тәжікстан Республикасының

Премьер-Министрі А.Г.Ақилов және Тәжікстан Ұлттық банкінің Төрағасы Ш. Рахимзода қол қойған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің капитал қозғалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттары туралы келісімнің толық және теңтүпнұсқалық көшірмесі болып табылатынын қуәландырамын.

Төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Б а р л ы ғ ы 8 п а р а қ т і г і л д і
қолмен және мөрмен бекітілді

E ур A з Э K И K X а t ш y l y f y

Күкүйктық департаментінің басшысы В. Князев

2009 жылғы 11 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында жасалды Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің капитал қозғалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөнінде валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттары туралы келісімнің қуәландырылған көшірмесі екенін раставмын.

Төрағаның орынбасары Д. Ақышев
Т і г і л г е н , қ о л қ о ю м е н ж э н е
мөрмен расталған 9 парап

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК